Александр Гальперин – оператор-новатор и кандидат искусствоведения, внес огромный вклад в становление советской операторской школы. Один из первых наряду с А. Головной, Э. Тиссе и Л. Косматовым по-новому относится к профессии кинооператора, уделяя большое внимание изобразительной осмысленности кадра, с помощью экспериментов открывает новые методы съемки, полностью соответствующие содержанию молодых революционных фильмов. «Страсть к творческому поиску, к эксперименту отличала молодого оператора. Но им руководило не увлечение неопита, «почувствовавшего камеру», и желавшего обратить на ее могущество внимание зрителей. Этот поиск диктовался потребностью раскрыть с максимальной выразительностью внутренний мир героев, идею произведения» [5, с.144] – так характеризуется работа молодого Гальперина в фильме «Бог войны». Этот подход характерен для всего творчества оператора. Особенно в этой связи мы бы хотели рассмотреть его работу с пейзажем в фильме И. Пырьева «Трактористы». Позволим себе еще одну цитату для раскрытия работы А. Гальперина из того же источника: «В фильме интересно использованы возможности режимной съемки. Прекрасно снято низкое, будто «душное» небо в тучах в эпизоде, когда колхозники едут по степи в грузовике. Сцена снята с движения, благодаря чему получается резкий контраст: неподвижное, тяжелое небо – и стремительное движение машины. Возникает почти физическое ощущение удовольствия от такой прогулки «с ветерком» в знойный вечер в открытой машине» [5, с. 150-151]. Нам бы хотелось провести параллель со съемками пейзажа аналогичным методом Асхатом Ашраповым в фильме «Кыз Жибек». Когда Толеген уезжает от Жибек к своему отцу, чтобы привести сватов для счастливой свадьбы, и, главное, войска для отпора врагам, камера точно также с движения показывает длинные планы знаменитых видов Борового, тем самым подчеркивая стремительность скакунов и желание Толегена поскорее достичь своей цели.

Почерк мастера сказался и в творчестве Ашрапова. Для нас же важна мысль, что пейзаж здесь показан не просто как красивое дополнение к красивой истории, но как самостоятельный элемент изобразительной драматургии. Так, Ашраповым, прежде всего, был использован смысл работы неравнодушного техника кино.

Э.К. Тиссе известен, прежде всего, как оператор, который снял почти все фильмы С. Эйзенштейна. Благодаря его камере все фильмы от «Стачки» и «Броненосца «Потемкин» до «Александра Невского» и «Ивана Грозного» поражают своей масштабностью, смелыми ракурсами и сложностью съемки ручной камерой. Известно, что и Эдуард Тиссе, и Александр Гальперин работали в кинодокументалистике, и этот опыт ввиду его правдивости и точности ввели в работу на игровых фильмах. Например, это очень точно описывает в своей статье об операторе Э. Тиссе А. Симонов: «Вместо громоздкой осветительной аппаратуры Э. Тиссэ одним из первых стал применять систему отражательных подсветок, зеркал, затенителей, добиваясь необычайной выразительности в передаче фактуры, объема, старался, чтобы светотеневой рисунок в кадре имел смысловое оправдание, способствовал бы глубокому раскрытию драматургической задачи, замысла режиссера» [6, с. 35].

В целом творческий портрет Эдуарда Тиссе, созданный А. Симоновым, наглядно демонстрирует всю изобретательность, творческое чутье и, несомненно, талант выдающегося кинооператора. Нам бы хотелось акцентировать внимание на работе над фильмом «Октябрь» 1927 года. Данные съемки отличались небывалым масштабом. Это отражалось и в массовых сценах, и в используемой технике, и в обширной географии локаций, которые включали сцены в Петропавловкой крепости, на Дворцовой площади, у Смольного и на знаменитом крейсере «Аврора». Подобная массовость во всем требовала от Тиссе большого умения, так как с помощью света и ракурса необходимо было придать этой массе идейное звучание, чтобы воодушевленная масса не превратилась в неуправляемую толпу. Именно поэтому изобразительное решение фильма с помощью резких планов, суперкрупных планов и символически наполненных кадров ярко передавало основные тему и идею фильма. Свет в массовых сценах должен был дополнительно создавать динамику в кадре (во время съемок использовали более 90 прожекторов). Несомненно, опыт в подобных условиях был использован впоследствии и в педагогической деятельности.

Еще один эпизод фильма «Броненосец «Потемкин» очень значим для нашего исследования. Приведем пространную цитату для наиболее точной характеристики: «Э. Тиссэ нарушал все установленные в немом кинематографе традиции. Например, в туманное утро, когда, по убеждению всех кинематографистов, снимать было нельзя, Э. Тиссэ произвел съемку траурного эпизода в Одесском порту, добившись невиданного до тех пор эффекта. Кадры, снятые в туман, просвеченный утренним солнцем, сквозь который угадываются неясные очертания кораблей, – названные впоследствии «сюита туманов», – считаются ныне шедевром операторского мастерства. Четкая графика

переднего плана помогала передать тревожное, горестное настроение; лаконизм композиции, изящество тональной гаммы сообщали эпизоду большую художественную выразительность. Еще раз здесь сказалась интуиция оператора, открывшего новые возможности кино» [6, с.39]. Мы намеренно привели полное описание природы, точнее даже погоды в тот день, так как оно нам кажется вполне подходящим и для описания эпизода в фильме «Кыз Жибек», так и не вошедшего в финальный вариант для проката. Из воспоминаний Асхата Ашрапова о Султане Ходжикове мы можем узнать, что режиссер безуспешно пытался сохранить очень важные для понимания идеи единства народа финальные сцены. К сожалению, мы не можем посмотреть эти сцены на пленке, но в режиссерском сценарии эти сцены также изображаются именно в белом тумане:

Жибек на следующее после гибели Толегена туманное утро выходит белому берегу реки, сама окутанная в белую фату саукеле вместе с верным скакуном.

Подобное изобразительное решение полностью кажется нам замечательным для визуализации решения героини проститься с жизнью. Возможно, эта сцена изобразительно была решена Ашраповым также как и в знаменитой «сюите туманов».

Конечно, взятые для примера методы съемки двух мастеров не единственные, что были в копилке оператора Ашрапова. В данной работе нам было важно показать схожее отношение к кинематографу, когда оператор становится активным создателем фильма.

По словам Асхата Ашрапова «эти известные мастера взаимно дополняли друг друга. Если Гальперин отличался четкой гражданской позицией и уникальными академическими знаниями, то Тиссе, который вел практические занятия, был человеком с безупречным художественным вкусом» [1, с. 19].

Безусловно, стиль мастеров повлиял на операторский стиль А.Ашрапова. Отклик подобного подхода мы видим и в работе Асхата Ашрапова, в частности и в работе над фильмом «Кыз Жибек». Следующим образом он описывает работу: «Я в нашей картине видел больше простоты, локальности красок и стремился избегать переходных цветов, помня множество так называемых фильмов-сказок, которые попадались именно на крючок «красочности» данного жанра, что на деле оборачивалось бессмысленной пестротой изображения» [1, с.19].

Таким образом, изучив некоторые отдельные работы А. Гальперина и Э. Тиссе, мы попытались понять, что было важно и Асхату Ашрапову в кинематографе. На наш взгляд, знаменитым мастерам советского киноавангарда в своей педагогической деятельности удалось научить главному: умению привести авторское изобразительное решение фильма сообразно его идее; то, что отличало кинокартину и наделяло ее уникальной визуальной драматургией.

### Литература:

1. Ашрапов А. Лента памяти // Новый фильм, 1988, № 3
2. Гальперин А. Из истории кинооператорского искусства. – М., 1983. 67 с.
3. Фрейлих С. Мастер // Искусство кино, 1975, № 11
4. Эйхенбаум Б. Проблемы киностилистики. Поэтика кино. М – Л., Кинопечать, 1927
5. Барщевский Д., Н.Виолина. А.В.Гальперин. Десять операторских биографий. – М., Искусство, 1978
6. Симонов А., Тиссэ Э. Десять операторских биографий. – М., Искусство, 1978

## МУЗЫКОВЕДЧЕСКИЙ ДИСКУРС: МУЗЫКА В КИНОИСКУССТВЕ

*Жайсанова А. Е.,*

*магистрант 1 курса специальности «Музыковедение»*

*«Казахский национальный университет искусств»*

*Научный руководитель – кандидат искусствоведения, доцент КазНУИ*

*Кузбакова Г.Ж.*

Музыка как самостоятельная область искусства всегда существовала независимо от других видов. Однако в смежных видах искусств, таких как театр, кино, мюзикл и других, музыка несет в себе множество дифференцированных функций. Так, одни и те же театральные, сценические действия в сопровождении различных по характеру видов музыки, могут оказывать различное воздействие на зрителя, меняя образ и угол восприятия. Хотелось бы в связи с этим рассмотреть в данной статье вопросы изучения киномузыки в научных трудах. Проблемам музыки в кино посвящено достаточное количество исследований, в которых наблюдается разносторонний подход к изучению роли музыки в киноискусстве.

Один из первых теоретиков киноискусства немецкий ученый К. Лондон в книге «Музыка фильма» [1] вскрывает истоки звукового кинематографа, анализируя значение *музыкального контрапункта* еще в недрах немого кино, а затем в переходной форме механической (граммофонной) записи и, наконец, в начальном периоде звукового кино.

К. Лондон - сторонник максимального «омузыкаливания» фильма, но – и это он подчеркивает – музыка в фильме нигде не должна необоснованно выходить на первый план, мешать восприятию зрительной части фильма. Таким образом, автор отстаивает визуальную доминанту в произведении экранного искусства. В то же время он глубоко проникает в суть проблемы «музыка в фильме». Точно вскрывая родственную природу музыки и кино, заключающуюся в ритмической организации, ученый высказывается о роли музыки в становлении кинематографа: «Именно музыка дала немому кино его жизнь, душу и значение. Она раскрасила его интимную ткань и сумела вместе с

тем придать ему иллюзию телесности; она дала ему ритм, наделила его пластикой, глубиной воздействия, оживила краски. Немой фильм без музыки потерял бы всякое право на существование» [1, с. 25].

Исследователь точно указывает на характерные для звукового кинематографа проблемы соотношения аудио и визуального рядов, разрабатывает теорию кульминационных пунктов, требующую большой профессиональной культуры, как от режиссеров, так и от композиторов.

К. Лондон дал прогноз развитию музыкальных жанров киноискусства, а также роли музыки в кино в целом. Он определяет его характерные жанры (*фильм-оперетта, фильм-концерт, музыкальный мультипликационный фильм, неречевой фильм с музыкой*), обозначает многие проблемы звукозаписи (акустика при съемке и в проекции, получение резонанса и реверберации). Автор оценивает работу европейских композиторов в художественном кинематографе и определяет его перспективы [1].

При всей своей проницательности он весьма категорично высказывается по поводу будущего фильма-оперы: «Съемочный аппарат слишком приближает пафос певца к зрителю: сфотографированное в крупном плане верхнее до тенора, на котором видно искаженное в гримасу лицо певца с широко разинутым ртом, сразу уничтожает эффект даже самого лучшего исполнения и способно вызвать лишь смех и отвращение. Ни один звуковой фильм не может быть построен так, как опера. И это основное правило уже содержит в себе отрицание киносъемок оперы» [1, с. 91]. Очевидно, что просчеты первых создателей произведений в этом жанре кино более всего обусловили собой данные суждения. Пессимизм К. Лондона в отношении кино-оперы был опровергнут в дальнейшем, как художественной практикой, так и совершенствованием новых технологий, отразившихся на развитии киноискусства.

В то же время исследователь выделяет жанр *фильма-концерта* как наиболее ценный для будущего. Он видится К. Лондону как уникальное хранилище культурных традиций профессионального опыта и мастерства. Именно поэтому ученый настаивает на необходимости показа киноконцертов перед началом собственно киносеанса. Учитывая новые возможности кинематографа, К. Лондон рекомендует при составлении сценария таких фильмов руководствоваться партитурой: «Съемочный аппарат должен быть довольно подвижным и направляться не только на дирижера, но и на отдельные группы инструментов; непрерывная съемка общим планом противоречила бы идее фильма, стремящегося к непрерывному движению» [1, с. 94].

Отмечая в художественной практике явный рост числа художественных фильмов, в которых наряду с игровыми сценами большое место имеют углубленные эпизоды музыкально-психологического содержания, ученый выделяет новый жанр музыкального кинематографа, определяя его как *неречевой фильм с музыкой*.

Прогнозы будущего музыкального кинематографа, сделанные К. Лондоном в конце 30-х годов XX века, оказались во многих отношениях

пророческими. Практика партитурного сценария в жанре фильма-концерта, прогрессирующий рост музыкального кинематографа в целом были им точно предсказаны. Однако, по мнению С. Севастьяновой, «предвидения по поводу уменьшения и даже полного исключения из оркестровых партитур смычковых струнных инструментов оказались ошибочными». Новые достижения цифровой звукозаписи решили техническую проблему, характерную для звукового кинематографа в начале его истории [5, с. 34].

Среди публикаций конца 60-х годов XX века особое место занимает работа польской исследовательницы З.Лисса по общим проблемам *эстетики киномузыки*. Данное направление заинтересовало ее еще в 30-х годах прошлого столетия. Цель ее публикации «Эстетика киномузыки» состоит в систематизации разнообразных типов явлений, изучении методов использования музыкального материала в звуковом художественном фильме [2].

З.Лисса исходит из установки, что анализ музыкальных процессов должен производиться, главным образом, по законам киноискусства. В звуковой сфере, согласно автору, выделены собственно *музыка, шумы, речь и тишина (выд. нами - А.Ж.)*. В книге выводится целая система отношений между элементами визуального и аудио уровней. Однако З. Лисса отмечает тот факт, что, в отличие от многих образцов звукового кинематографа, они формируются, в большей мере, по законам музыкальной драматургии.

З.Лисса делает первую в киноведении и музыковедении попытку подойти к киномузыке с точки зрения *семиотики*. По мнению автора, музыка в кино играет роль своего рода знака, несущего информацию о событиях разного типа. Она даже утверждает, что «музыка в кино может быть знаком всех состояний психической жизни человека» [2, с. 202]. В данной связи приведем определения *семиотики*. *Семиотика*, или *семиология* – наука, исследующая свойства знаков и знаковых систем [3]. Согласно Ю.М. Лотману, «под семиотикой следует понимать науку о коммуникативных системах и знаках, используемых в процессе общения» [4]. Киномузыка как объект семиотики представляет собой, на наш взгляд, отдельную интересную научную проблему.

В целом, по З. Лисса, музыку в кино можно отнести к одному из главных выражений эмоциональной составляющей сюжетной линии картины. Именно от музыки, зависит успех или «неуспех» кино.

На наш взгляд, безусловно, музыка и изображение в кино переплетаются, а звуковые и визуальные знаки, могут дополнять друг друга, т.к. в итоге они осуществляют одну идею.

По мнению исследователя функций музыки в кино Т. Севастьяновой, специфические жанры «*экранного музыкального театра*» (термин Т. Севастьяновой [5]) к которым относятся *опера, балет, оперетта, музыкальная мультипликация* – обозначены лишь в самых общих чертах. [3]. Поэтому для нас важной является мысль Т. Севастьяновой о том, что «музыка в кино представляет собой новую форму синтеза искусств, и ее законы не идентичны законам «автономной» музыки» [5, с. 37].

Синтез искусств в кино, безусловно, имеет отношение к проблемам *психологии восприятия* музыкального фильма, что нашло отражение в публикациях Т. Корганова, Г. Троицкой, М.Зива. Так, например, М.Зив прямо указывает, что «данное направление исследований предстает как весьма перспективное, поскольку специфика восприятия произведений экранного музыкального театра во многом отличается как от психологии музыкального восприятия, так и от природы ощущений, возникающих при просмотре сценических или экранных произведений» [5, с. 40].

Наиболее типичные случаи, по мнению Т. Севастьяновой, обобщают Т. Корганов и М. Зив. Т. Корганов замечает, что *музыкальный образ*, как правило, обобщенный, призван раскрыть существо явления. *Кинообраз* же, наоборот, скорее воплощает внешнюю сторону объекта внимания, за которой далеко не всегда угадывается внутреннее содержание. Но когда нам предлагают механическое сочетание глубокой музыки с чисто «внешними» кадрами, нас это, естественно, не убеждает [5]. Именно поэтому Г. Троицкая в качестве главного фактора успеха музыкального фильма определяет глубину осмысления авторами материала будущего фильма, точное представление ощущений того зрителя, которому адресуется фильм, и способность находить и использовать наиболее полно те выразительные средства, которые дадут возможность создателям фильма высказаться, а зрителям понять сказанное [5, с. 57].

Т. Севастьянова особое внимание обращает на наблюдение М. Зива, который считает, что в фильме музыка воспринимается опосредованно: «Она приходит к нам через цепь зрительных, текстовых, драматургических образов, то есть ассоциативным путем» [5, с. 60]. М. Зив, отмечает исследователь, справедливо указывает, что не следует рассматривать сам факт обращения к музыкальной экранизации как неизменное обеспечение музыкальных характеристик. В этом случае возникает опасность упростить то «музыкальное», что заложено в самом произведении. Он понимает, что сам кинематограф имеет родственные музыкальному искусству качества, которые также могут способствовать усилению музыкальных ощущений [5, с. 61].

### Литература:

1. Лондон К. Музыка фильма. М.-Л.: Искусство, 1937. - 208 с.
  2. Лисса З. Эстетика киномузыки. М.: Музыка. 1970. - 495 с.
  3. Ефремова Т. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000 <https://www.efremova.info/>
  4. Лотман Ю. Семиотика кино <https://textarchive.ru/c-2522368.html>
- Диссертации по гуманитарным наукам
5. Севастьянова С. Проблема синтеза искусств в экранном музыкальном театре: дис. кандидат искусствоведения: 17.00.02 - Музыкальное искусство. Астрахань. 2004. 273 с.

**САЙМОН ДЖОН КИНЛИСАЙД ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ӘН  
МӘДЕНИЕТИНДЕГІ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ**

**Мамытов Б.,**

**1 курс магистранты, мамандығы «Вокалдық өнер»**

**Қазақ ұлттық өнер университеті**

**Ғылыми жетекшісі – педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚазҰӨУ**

**доценті Досанова А.А.**

Опера жеке өнер болып 16-17 ғасырлар аралығында қалыптасты, ал қазіргі опера орындаушыларына қойылатын талаптар тым жоғары бір мезетте жоғарғы дыбыстарды айта отырып актерлық шеберлікті де ұмытпау керек, оған қоса саны 100 ге дейін жететін оркестр орындаушыларынан дауысыңыз көрерменге жақсы естіліп тұру керек. Осы уақытқа дейін отандық опера орындаушылар жайлы ақпараттарды газет, журналдардан, теледидардан көріп, біліп жүрміз енді шет ел опера орындаушылары жайлы ақпараттар мен танысып көрейік.

Саймон Джон Кинлисайд британдық опера және камералық әнші (баритон). Ол үнемі Зальцбург фестивалінде, Метрополитен операсында, Бавария операсында және Ковент-Гарден театрында спектакльдерде жетекші опералық рөлдерді орындайды.

Саймон Джон Кинлисайд 1959 жылы 3 тамызда Лондонда дүниеге келген, Раймонд пен Анн Кинлисайдтың ұлы. Оның әкесі Раймонд та, атасы Леонард Хирш те кәсіби скрипкашылар болған; Рэймонд Эолдық квартетте екінші скрипканы ойнады. Саймон балалық шағын осылай еске алады «Басқа балаларда бақшасында рифмдер болатын болса, мен Гайдн, Моцарт және Шуберттің музыкаларымен ұйықтайтын едім».

Саймон скрипка аспабында бала кезінде ойнаған, бірақ оны ешқашан болашақ мамандығы ретінде қабылдамаған. Ән айту әлдеқайда жағымды болды, ал 8 жасында ол Джордж Гостпен бірге Сент-Джонс Кембридж колледжінің хор мектебіне қосылды, сонда ол алты жыл оқыды. Ол мұны «менің музыкалық өмірімнің керемет бастамасы» деп сипаттады. «Біз бүкіл әлемді араладық – Жапония, Америка, Австралия. еш демалыссыз. Үнемі сапарда, студияда жазбалар. Мен мұны жас балаларға насихаттамас едім». «Бала үшін ең жақсы орын ата-анасының қасында».

Алайда, Саймон ұстазы Джордж Гост ты ерекше үлгі тұтты. «Ол бізге қиялымызды ояту үшін әңгімелер айтатын және біз аспаптарымызбен Иерихонға бара жатқанымызды елестету арқылы әнұранды сахналайтын едік. Оның осы бір сөздері маған керемет әсер қалдыратын. Сент-Джоннан шыққаннан кейін Саймон Кобхэмдегі Рид мектебіне ауысып, өзінің А деңгейлерін бітірді, ал мектеп демалысында ол Құстарды қорғау жөніндегі корольдік қоғамда күзетші болып жұмыс істеді. Жасөспірім кезінде «Мен көптеген еуропалық құстардың әндерін білетінмін» дейді [1].

Саймон 1980 жылы Сент-Джонс Кембридж колледжіне хор стипендиаты ретінде оралды, алдымен колледжде Антропология курсына оқыды. Ол сол кезде

өз дауысын «баритонды дауыс емес» деп сипаттайды – Алдымен оған антропология курсы ұнады, бірақ соңғы курста зоологияға ауысты. «Мен эволюцияның толық бейнесін керемет деп таптым. Менде Адриан жұма сүтқоректілерде, Адриан Листерді плейстоценде және Дженни Клэкті балықтарда өткіздім, бәрі керемет мұғалімдер болды ... бірақта Зоологиядағы мансап ешқашан мүмкін болмады.

Оқуды аяқтағаннан кейін ол Питер Моорес атындағы қордың стипендиясын жеңіп алды (1985 ж.) Және Джон Кэмеронмен вокалдық сабақ алу үшін Корольдік Солтүстік Музыкалық колледжіне оқуға түсті, ол оған Герман Лидер әлемін ашты. Ол: «Мен ән айтуды үйренгім келді, сол кезде ақша табу, ән айтып үйренуге зиянды болар еді» дейді. «... Мен жиырмадан асқан кезде менің дауысым операға дайын емес еді. Ұстазым Джон мені кейбір вокалистер сияқты табиғи дауысыма күш салмай дайындалу керек барлығы өз уақытымен келеді» [2] дейтін. Оқу барысында Солтүстік Корольдік музыка колледжінде (RNCM)- ол спорттың жүгіру түріне сүйіспеншілігін арттыру үшін колледж спорт командасына қосылды.

Музыкалық колледжде ол 1987 жылы Манондағы Лескоут рөлімен алғаш сахнаға шықты. Опера журналы бұл «таңқаларлықтай жетілген» спектакль деп атап өтті және ол «өзінің жағымды жұмсақ баритон дауысын ерекше музыкалық шеберлікпен пайдаланды».

RNCM музыкалық колледжді бітіргеннен кейін – Саймон Зальцбургке барды, онда Моцартейде Рудольф Нолл мен жолығады. «Бұл жай сәттілік болды», - дейді ол. «Нолл маған көмектесті, менен бір тиын алмай маған вокалдық өнердің техникаларын үйретті». Ол Австрияның Грац қаласында уақыт өткізді, содан кейін Бремен арқылы Гамбургке кетті.

Оның баритон ретінде кәсіби дебюті 1987 жылы Гамбург Стаатсоперінде «Фигароның некесі» операсында Граф Альмавиваның рөлі болды. Гамбург опера театрында алғаш жұмыс істеген жылдары, ол сахнадағы өмірдің кейбір шындығымен танысты». Саймон Гамбургте 18 ай бойы графтан бастап неміс Кабаретасындағы трансвеститке дейінгі рөлдерде ойнады.

1989 жылы ол Шотландия операсына жұмыс істеуге барды, ол 1994 жылға дейін Марчелло (Ла Богема), Данило (Көңілді жесір), Арлекин (Ариадна ауф Наксо), Гуглиелмо (Коси фанаты Тутте), Фигаро (Шаштараз Севилья), Билли Буд, Папагено (Зауберфлоте) және Белкоре (махаббат сусыны). «Бұл мен үшін фантастикалық дайындық болды, одан да жақсы болуы мүмкін емес еді».

Осы кезеңде ол Корольдік опера театрында дебюттік қойылымдар жасады (1989 ж. Сильвионы I Пальячиде шырқады), Ағылшын ұлттық операсы (Гульельмо), Уэльс ұлттық операсы, Сан-Франциско операсы, Женева, Париж және Сидней. Шотландияға берген сұхбатында ол өзінің кәсібін Шотландияда бес жыл ішінде басты рөлдерде ойнағанын және компанияға «үлкен алғыс қарызын» сезінетінін айтты. Ол алғаш рет 1993 жылы Глиндебурнға ән шырқады және 1996 жылы Нью-Йорктегі Метрополитен операсында дебют жасады.

2004 жылы ол Ковент Гарден, Корольдік опера театрында Томас Адес «Темпест» фильмінің Әлемдік премьерасында Просперо рөлін ойнады.

2005 жылы ол Ковент Гардендегі Корольдік опера театрында Лорин Маазелдің 1984 жылғы әлемдік премьерасында Уинстон Смиттің рөлін орындады.

Ол рециталист ретінде және 1989 жылы «бағалай білетін талант» ретінде танымал болған. 1998 жылы Ла Скалада өнер көрсеткен уақыттан бастап ол бүкіл әлемде риторийлер орындады, оның репертуары: Шуберт, Шуман, Стросс, Брамс, Фауре, Қасқыр және Малер. Ол сонымен қатар көптеген ағылшын әндерін жаздырды. Грамофон оны осы уақытқа дейін шығарған Лидердің ең жақсы баритон әншісі деп сипаттады, содан кейін Tricia Brown Dance компаниясымен бірге «Мен қатысқан ең қанағаттанарлық өнер» атлетикалық сымбатымен орындалған Winterreise бар. Сайманға ән айтудан басқа, зоология, серуендеу, сурет салу, кескіндеме және балық аулау ұнайды. «Австралия мен Калифорния сияқты жерлерге саяхаттай отырып, мен Дэвид Аттенбородан басқа ешкім көре алмайтын нәрселерді көруге мүмкіндік аламын!» [3]. Оның Уэльсте теңіз жағасында фермасы бар, ол жерде ағаш отырғызады, тоғандар қазады және гүлдер отырғызып табиғаттың гүлденуіне үлес қосады, Сайман өз сөзінде «Мен ән айтамын, өйткені мен оны жақсы көремін», «Егер сіз қандай да бір тәуекелге бармасаңыз, онда еш нәрсе өзгерте алмайсыз», және бұл маңызды.

Саймонның өз сөзімен айтқанда «Опера өнерімен жүргеніме шамамен 15 жыл болған шығар, және оның соңын көремін деп ойлаймын. Мен өзіме сәйкес келетін рөлдердің көпшілігін орындадым, мысалы, Папагено сияқты, мен ешқашан құлдырағым келмейді ... «Вагнерде мен Танххаузердегі Вольфрамнан асып кетпеймін [4]. Мен Бекмессер бар екенін білемін, бірақ бұл мені қызықтыратын немесе қызықтыратын рөл емес пе деп қорқамын. Мен Травиатадағы Джермонт және Дон Карлостағы Поса сияқты әндерден мен ешқашан жалықпаймын - сіз өзіңіздің дауысыңызбен әрекет етіп, тыңдаушы көрерменді өзіңізге қаратуыңыз керек. Мен Билли Будты енді қайталап айтпайтын шығармын. Мені қатты қуантып отырған екі жаңа рөл – Воззек пен Риголетто, олар керемет театр және үлкен түстер палитрасын шақырады. Воззек - кез-келген баритонның карьерасындағы айтқысы келетін опералардың бірі

Біз танысқан британдық Сайман Кинлисайд алғашқы да антропология саласына оқуға түссе де кейіннен өнер жолына қайта келіп қосылды Қорытындылай келе адамның бойындағы өнер еш қайда жоғалып кетпейді және бойдағы өнерді өзгелерге көрсете білу керек, өнерден рахат ала білу керек.

#### Әдебиет:

1. <https://www.simonkeenlyside.info>
2. [https://www.youtube.com/watch?v=\\_ZXb6hVSKjQ](https://www.youtube.com/watch?v=_ZXb6hVSKjQ)
3. <https://www.youtube.com/watch?v=quNeo7R178Y>

4. <https://www.nytimes.com/2016/09/27/arts/music/after-setbacks-a-baritone-works-his-way-back-to-the-met-opera.html>

## **ҚАЙҚЫ ФЕНОМЕНІ ХАҚЫНДА**

*Оңайбайұлы А.,*

*2 курс магистранты, «Дәстүрлі музыка өнері»*

*Қазақ ұлттық өнер университеті*

*Ғылыми жетекшісі – өнертану кандидаты, ҚазҰӨУ профессоры*

*Малдыбаева Р.С.*

Қазақ халқы әрдайым өнерлі адамдарға тәнті болып, дарын иелерін үнемі жоғары бағалаған. Қазақтың кең байтақ сахарасында небір күміс көмей әншілер, бармағынан бал тамған күйшілер, салмақты ақын-жыраулар, жыршылар өткен және әрбір аймақта қайталанбас әншілік, күйшілік дәстүрлі қалыптастырып, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, сақтап келген.

XIX ғасырда шарықтау шыңына көтерілген дәстүрлі ән өнері жалпыұлттық көзден сусындап, Арқа, Жетісу, Шығыс-Түркістан, Сыр бойы, Батыс аймақтарының мектептеріне бөлініп, қарқынды дамып, әрқайсысы өзіндік музыкалық-стильдік, орындаушылық ерекшеліктерімен бірге қалыптасты.

Батыс аймағының әншілік өнері А. Затаевич, Б. Ерзакович, М. Ахметова сынды мамандардың назар аударған. Мысалы, М. Ахметованың айтуы бойынша, «в песнях Западного Казахстана преобладает мягкая, задушевная лирика. Им присущи черты повествовательности и эпической широты. ... Хотя эпический характер с широкой распевностью свойственен всем казахским песням, особо выделяется он в песнях Западного Казахстана» [1].

Оның ішінде Маңғыстау өңірінің өнері Батыс аймағының ажырамас бөлігі болып табылады. Музыкалық мәдениет ортақтастығына қарамастан, өңірдің музыкалық стилі мен музыкалық тілі оқшауланып келеді. Батыс аймағының Каспи маңы, Ақтөбе, Орал жерлерін қамтыған мектептерге бағзы заманнан бері келе жатқан жыршылық өнерінің ықпалы зор болды. Тамыры тереңде жатқан жыр өнерінің өңірдің күйшілігі мен әншілігіне ықпалын тигізгені бәрімізге мәлім. Әншілер жыраулық дәстүр дамыған ортада өсті және бір жағынан өздері де сол дәстүрдің өкілі болып келді. Бұл олардың жыр мәдениетімен ажырамайтын жақындығын анық байқатады. Ол жөнінде академик А. Жұбанов: «Қазақтың халықтық музыка мәдениетінде, оның ішінде әннің дамуына жыршылар да үлкен рөл ойнады», – дейді [2]. Тіпті кәсіби музыкант емес адамдардың өзіне бір тыңдағаннан Маңғыстау өңірінің музыкасының ішкі тұтастығы, стилистикалық біркелкілігі көзге түседі.

Бұл өлкеде көптеген ақын-жыраулар, небір термеші-жыршылар, күйшілер, әншілер өмір сүріп, шығармашылықтарымен халықты сүйсіндіріп өткен. Атап өтсек, күйшілер: Абыл Тарақұлы, Құлшар Бақтығалиұлы, Есір Айшуақұлы, Жолды, Әлмұрат Құлшарұлы, Төлеубек, Тұрарбек Қойшыбайұлы,

Бекен Кендірбайұлы, Сәулебай, Арал Тағанязұлы, Өскінбай Қалмамбетұлы, Мұрат Өскінбайұлы, Шамғұл Ыбырайымұлы, Атанғұл Сүйесінұлы; ақын-жыраулар: Абыл Тілеуұлы, Нұрым Шыршығұлұлы, Ақтан Керейұлы, ҚащағанКүржімаұлы, Аралбай Оңғарбекұлы, Өгізбай, Айтуған Тайұлы, Мұрын (Тілеген) Сеңгірбекұлы, Сөттіғұл Жаңғабылұлы, Түмен Балтабасұлы, Сүгір Бегендікұлы, Елбай Қосымбайұлы, Қалнияз Шопықұлы, Медетбай Тәжіұлы, Түйте ахун Өтесбайұлы, Шәйім Мұнайтпасұлы, Қожали Мекенұлы, Өмір Қараұлы, Ыбырайым ахун Құлбайұлы, Зәкәрия Жұбанұлы, Ұзақбай Қазжанұлы; жыршылар: Айтқұл, Өришан, бәйбіше Дүйсенбай, Қожантай Қойбас, Мұса, Мұқан, Мәулімберді; әншілер: Қайып Қорабайұлы, Хамит Өскінбайұлы, Қазихан Нұрғазыұлы, Досат Бәйменбетұлы, Тастемір Шыршығұлұлы, Әділ Өтеғұлұлы, Тұрсын Алдашұлы, Шолтаман Байсарыұлы және тағы да басқа көптеген өнер майталмандары өткені белгілі.

Шыңына жеткен қай өнердің де болмасын, бүгінге келіп жетуі сабақтастық, ұрпақтап ұрпаққа жалғасу арқылы ғана мүмкін. Зерттеуші Э.Алексеевтің айтуы бойынша «для поддержания достигнутого в культуре уровня профессиональных навыков необходим специальный, постояннодействующий механизм и воспроизводство» [1]. Қазақ төл өнерінің механизмі – қалыптасқан мектеп «ұстаз-шәкірт» жүйесі. Осыған байланысты, аталмыш өнер майталмандарының өнер туын желбіретіп келе жатқан мирасқорлары мен ізбасарлары да баршылық. Соларды атап өтсек, әнші-жыршылар: Жақсылық Елеусінұлы, Ізбасар Шыртанұлы, Жеткізген Сейітұлы, Күріш Тасболатұлы, Амандық Көмекұлы, Орынбасар Тәжіұлы, Әбіл Жұмағалиұлы, Елдос Еміл, Роза Айдарбаева; Қазақстанның түкпір-түкпіріне аты мәлім домбырашы Сержан Шәкіратұлы және т.б. көрнекті өкілдер.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, аталмыш өнер иелері тек бір өнер түрін меңгеріп, сол саламен ғана шектеліп қалмаған. Әрбіреуі өңірдің музыкалық мәдениеті мен өнерін бойыларына сіңірген, шығармашылықтарысан қырлы екенін көзіміз жетеді: тек қана әнші емес, жыршы да күйші де болған. Бұл қасиет әркімге де тән болған. Дәстүрлі мәдениет өкілдері туралы жеткен мәліметтер жыр мен әннің тоғысуын бір тұлғаның шығармашылығында болғандығын көрсетеді – «...жыршылардың көпшілігі әнші болып келеді...» деп А.Жұбанов [2] деп жазып кеткен.

Егер Арқа мен Батыс аймақтары болмысында бұндай өнер иелерін «сал-серілер» деп атаса, Маңғыстау өңірінің мәдениетінің контекстінде алып қарайтын болсақ, сал-серілерге іспеттес өнер шеберлерін«қайқылар» деп атаған. Есімдері тарихқа енген, басқаларынан шоғырланып, бөлек тұратын, шоқтығы биік саңлақтарға халық арасында «Адайдың жеті қайқысы» және «Адайдың бес жүйрігі» деген құрметті атау берілген.

«Бес жүйрік» тобына көз жүгіртіп айта кетсек, А. Тілегеновке жүгінсек, «өнері, асыл сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, тек осы өңірге емес, өз заманында иісі қазаққа, қала берді көршілес түркімен, қарақалпақ, өзбек жеріне белгілі болған. Ерекше талантына, ақпа-төкпе суырып салмалық қасиеттерінің басқаларданілгерілігіне, ой-өрісінің кеңдігіне қарай оларды ел арасында

«Адайдың бес жүйрігі» деп ерекше атаған» [2]. Бұл топқа адайдың бес ақыны деп есептелетін Абыл Тілеуұлы (1777-1864), Нұрым Шыршығұлұлы (1831-1908), Ақтан Керейұлы (1850-1912), Қашаған Күржіманұлы (1841-1929) және Аралбай Оңғарбекұлы (1854-1919) бар.

Ал осы мақаламыздың төңірегінде біздің қызығушылығымыздың арқауы болған қайқылар институтына тоқталғанды жөн көріп отырмыз.

Маңғыстау ақын-жыраулар шығармашылығын жіті зерттеген филолог ғалым Қ.Сыдиықов қайқылар хақында былай дейді: «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Маңғыстауда аттары елге әйгілі жиырмаға тарта әнші, күйші, сал, серілер сапынла Өскенбай мен Шолтаманды, Әділ мен Тастемірді, Жылкелді мен Досатты, айтулы күйші-әнші Тұрсынды айтады. Олар ел ішінде Адайдың «Жеті қайқысы» атанған [5, 150 б.].

Атақ-даңқтары бүткіл Маңғыстау, Атырау, Теке, Ақтөбе, Орынбор өңірімен қатар, көрші елдерге аттары машһүр болған, жиын, той-думандарды бірге аралап, үлкен дарындарымен халықты тәнті қалдырған әншілер тобы құрамына кім-кімдер кіргенін атап өтейік. Олар: Медет-Жылгелді Теңізбайұлы (1855-1938), Жаңай-Өскінбай Қалмамбетұлы (1860-1925), Кенже-Әділ Өтеғұлұлы (1869-1931), Жары-Шолтаман Байсарыұлы, Жаманадай (Сүйіндік)-Тастемір Шыршығылұлы, Қаржау-Тұрсын Алдашұлы, Мая-Досат Бәймембетұлы.

Ал енді «қайқы» сөзінің шығу тарихына тоқталайық. Жалпы, қайқы феномені мен бұл атақты иеленген әншілер туралы Ізбасар Шыртановтың «Адайдың жеті қайқысы» шықты. Бұл мақалада «Қазақ өнерліні барша қадірлеген, барынша еркелеткен. Табиғат дарытқан өнерімен елге ерекше ұнаған жанды Арқа жағы «сал, сері» деп атасы, Сыр бойы «сүлей» деп атаса, ал Маңғыстау өңір ер-азаматты «қайқы», қыз-келіншектерді «сәйкі» дейді. Бірақ Маңғыстау орталықтан қашық болғандықтан ба, әлде зерттеуі кем бе, «қайқы» деген атақ барша қазаққа таныс бола қойған жоқ. Біздіңше, «қайқы», «сәйкі» атаулары әріректен басталған секілді. Олай дейтініміз, XVIII-XIX ғғ. Аралығында өмір сүрген тарихи тұлғалардың өлең-жырларында өнерлі әйелдерге байланысты «сәйкі» сөзін кездестірміз. Ал «қайқы» деген атақ Адай елінде өнері елден асқан таңдаулының таңдаулысына ғана телінеді» [6] делінген.

Негізінде, Маңғыстау өлкесінде ғана кең қолданысқа ие болған бұл сөз «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» былай түсіндіріледі: Түрікменстанның Краснозаводск, Небид-Даг, Ашхабад жерлерінде *жігіттің кербезі*, ал «қайқылық» сөзі осы өлкеде *кербездік* мағынасында қолданылады [7, 370 б.].

Сал-серілік дәстүрдің этнографиялық қырларын зерттеу мақаласында зерттеуші Ш.Керімов «қайқы» сөзінің мағынасын түбі бір түркі халықтарының тілінен іздеп, мысалдар келтіреді. Ол В. Вербицкийдің «Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка» (1884) сөздігінен: «...алтай, аладаг тілдерінде «қайқы» – *тамаша, керемет*, кумандиалектісінде де «қайқы» сөзі осындай мағынада жүреді», – десе, В.Рассадиннің «Фонетика и лексика тофаларского языка» (1971) еңбегінен: «хакас тілінде «хай қастық» –

*таңқаларлық, гажап*; тоғаларда «қайһа» – *таңдану, таңырқау* деген ұғымды білдіреді», – дей келсе, «жоғарыдағы мысалдарға қарағанда, қазір сирек қолданылатын сөзге айналып үлгерген «қайқы» бұрын *кербез, тамаша, гажап* деген мағынада жұмсалғанын аңғарамыз» [8], – дейді.

Сонымен бірге, бұл деректерден «қайқы» қазақтың сөзі емес, жалпы түркітілдес халықтарда мағыналас ұғымды білдірумен қатар, өнерге қатысты қолданылуы жергілікті тілдік диалектіге байланысты осы өңірде ғана аталатындықтан шекаралас жатқан түрікмен тілінен келген сөз деп тұжырым жасауға болады.

Халық аузында «Адайдың жеті қайқысы» атағының берілуі туралы түрлі әңгіме бар. Ең көп тарағаны – ХІХ ғ. соңында «Тесіктам» жерінде әншілердің сайысында би Иса Тіленбайұлы жеті адамды таңдап: «Осы адамдар бұдан былай Адайдың жеті қайқысы атансын» дейді. Сол кезден бастап, жоғарыда аталған жеті әнші бұл атақтың иелері болады.

*«Қайқылық»* – жыршылық ортада синкреттік әнші-композитор-ақын-күйші-жыршы тұлғасының әншілік өнерінің басым түскендігіне берілген атақ. Қайқылар ортада суырылып шығып, «қайқы», яғни әнші атағына ие болған зор дауысты, кең диапазонды, әсем үнді, күміс көмей, жез таңдай дауысы болған өнерпаздар» деп, қайқылыққа Батыс аймағының музыка мәдениетін, оның ішінде ән өнерін зерттеген ғалым Б. Тұрмағамбетова анықтама береді [9; 39].

Егер қайқылардың музыкалық шығармашылығына қысқаша шолу жасасақ, «қайқы» - тамаша, кербез, гажап деген мағына берсе, осыған сәйкес қайқылар шығармаларының орындалуы мен табиғаты (мазмұны, екпіні, ырғағы, аспап сүйемелі, көркемдігі) – *кербез әндер* деп атауға лайық («сәйкілік» сөзі Маңғыстауда өнерлі әйелдерге байланысты емес, *ажарлы, көрікті, кербез* қыз-келіншектерге қатысты қолданылған).

Бүгінгі таңға қайқылардан жиырмаға жуық туынды ғана сақталған. Ең көбі – Мая Досаттың бес әні. Қазақтың ән мәдениетінің қайталанбас, жарқын, таңсық мұрасын бар күйінде сақтап, келер ұрпаққа жеткізу – біздің міндетіміз. Ғылым мен орындаушылық өнердің ұштасқан шенінде, қауымдасу арқылы бұл мақсатты іске асыру әбден мүмкін деп сенеміз.

Әрине, бір мақала көлемінде қайқылар феноменін, «Адайдың жеті қайқысы» тобының әр өкілінің өмірі мен шығармашылығына, музыкалық стиль ерекшеліктеріне тоқталу, әсіресе, толықтай қамту мүмкін емес. Бұл атаққа ие болған әрбір әншінің шығармалары өзіндік, жеке зерттеуге тұрарлық. Қайқылардың өмір сүрген жылдары туралы мәлімет бізге толық жетпегендіктен, бұл тақырып бөлек бір негізде зерттеуді қажет етеді.

#### **Әдебиет:**

1. Ахметова М. Песня и современность. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 196 с.
  2. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 440 б.;
- 419
3. Алексеев Э. Фольклор в контексте современной культуры. Рассуждения о судьбах народной песни. – М.: Советский композитор, 1988. – 240 с.

4. Тілегенов А. Адайдың жеті қайқысы. – Алматы: ЖАҚ «РОСТ», 2000. – 64 б.
5. Маңғыстау. Энциклопедия. – Алматы: Ата мұра, 1997. – 384 б.
6. Шыртанов І. Адайдың жеті қайқысы // Алтын Орда. – 2000. – 28-қаңтар.
7. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі (Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б.). – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
8. Керімов С. Сал-серілік дәстүрдің этнографиялық қырлары // Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – Б. 310-321.
9. Тұрмағамбетова Б. Ұлттық музыка мәдениеті контекстіндегі батыс аймағының ән дәстүрі: 17.00.02 өнертану ғыл.канд. ... диссертация. – Алматы; 2009.

## **ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІ ПАРТИТУРАЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР КӨРІНІСТЕРІ.**

*Рашид Ж.А.,*

*2 курс магистранты, мамандығы «Оркестрлік дирижерлеу»*

*Қазақ ұлттық өнер университеті*

*Ғылыми жетекшісі – өнертану кандидаты, ҚазҰӨУ профессоры*

*Альпеисова Г.Т.*

Қазақ халық аспаптар оркестрінің партитурасы ХХ ғасырдың 30 жылдарынан бастап, бүгінгі күнге дейін таңғажайып жолдан өтті. Академик Ахмет Жұбанов бастаған қазақ оркестрінің партиуралары көп өзгерістрге ұшыраған. Қазақ оркестріне жазған әр композитор шығарманы өзі тыңдау талғамыңа сай партитура жазған, өзіндік үлесін қосқан.

Музыкалық теорияға сүйенетін болсақ, партитура (итал. Partitura, сөзбе-сөз - бөлу, тарату, латын тілінен partio - бөлу), музыкада 16 - 21 ғғ. музыкалық нотацияны қолдану арқылы полифониялық композицияны бекітудің стандартты тәсілі. Әр партия бір-бірінің астына жазылып, партитураны құрайды. Партитура жазу принципі (бір дауыстың екіншісінің астында) Еуропада полифонияның алғашқы формаларымен қатар пайда болды. Партитура ішіндегі партиялар, дауыстың жоғары немесе төмен болуына байланысты орналастырды: жоғарғы дауыстарды үстіне, төмен дауыстарды астына. Алғашқы партитуралар орындаушылардың құрамы белгіленбеген болатын; әр партия кез-келген дауыспен немесе тесситураның сәйкестігіне орындалатын, белгілі бір шығарманың орындаушылар құрамы әр кез өзгеруі мүмкін болатын [1]. Бүгінде симфониялық оркестрдің негізгі құрамы жұп құрамы деп аталады. Оркестрдің осы құрамында жеке дауыстар екі-екіден ұсынылған. Қазіргі симфониялық оркестрдің партитурасың төменде көрсетілгендей білеміз:

## 1-ноталық үлгі

148 IV  
Finale

Allegro con fuoco

Piccolo  
2 Flauti  
2 Oboi  
2 Clarinetti (G)  
2 Fagotti  
4 Corni (F)  
2 Trombe (F)  
3 Tromboni  
Tuba  
Timpani  
Triangolo  
Piatto  
Cassa

Allegro con fuoco

Violini I  
Violini II  
Viola  
Violoncelli  
Contrabbassi

Осылайша симфониялық оркестрінің құрамы байытылып, партитура дамытылып қазіргі біз білетін деңгейге жетті [2].

Ахмет Жұбанов күйлерді қазақ оркестріне түсіріп, партитураларын жасап, профессор Шамғол Қажғалиев құрастырған «Серпер» партитуралар жинағында, қазақ оркестрі 2 топқа бөлінген, 1-ші топ- домбыралар, 2-ші топ- қобыздар. Домбыралар тобы бірінші, екінші примамен басталып, одан кейін домбыра тенорлар, бас және контрабаспен бітеді. Қобыздар тобы- бірінші, екінші қобыз, альт, бас қобыз, контрабас.

Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық отаны» шығармасын алсақ, домбыра және қобыздар топтрының ортасында сырнайлар тобы бар. Бірақта осы партитурада домбыра бас және домбыра контрабас сырнай тобымен бір акколаданың астында жазылған [3].

Кенжебек Күмісбековтың кейбір партитураларында жоғарыда сырнайлар тобы, домбыра тобы және қобыздар тобы деп жазылған. Кейде домбыралар тобы, сырнайлар және қобыздар тобы.

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Жамағат Темірғалиевтің, «Қазақ оркестрін аспаптандыру» кітабында Құрманғазы атындағы академиялық ұлт-аспаптар оркестрімен академиялық Н. Тілендиев атындағы фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрлерінің партитуралар үлгісі көрсетілген. Құрманғазы оркестрінің партитурасында жоғарыдан төмен қарай: домбыралар тобы, үрлемелі аспаптар(флейта, гобой) және сырнайлар тобы, ұрмалы аспаптар және қобыздар тобы. «Отырар сазы» оркестрінде: үрмелі аспаптар(сазсырнай, сыбызғы, мес қобыз), сырнайлар тобы, домбыралар тобы, ұрмалы аспаптар, жетіген және қобыздар тобы деп берілген [4].

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Парасат орденінің иегері, күйші, композитор, дирижер, профессор Айтқали Жайымов көптеген оркестрлермен жұмыс жасап, қазақ халық аспаптар оркестріне біраз шығарма жазып, өткен композиторлардың, дирижерлардың тәжірибесіне сүйініп қазақ оркестрінің ең

дұрыс және де ең ыңғайлы партитура үлгісі қалыптастырды деп ойлаймын. Бұрын партитураларда «домра-прима, секунда, домбыра-бас, домбыра контрабас, қобыз-прима, қыл-қобыз, бас қобыз, контрабас қобыз» деп жазатын. Айтқали Тілепқалиұлы бұл аттарды өзгертіп, аспаптардың өзіндік аттарын, нақтылап қойды. Домра-прима- сымшертер, себебі домра-приманың шектері сымнан жасалған. Домбыра бас- бас шертер, домбыра контрабас- контрабас шертер, себебі бұл аспаптар шертер тәрізді және ойнау тәсілдері бірдей. Қобыз прима- сымқобыз, себебі бұл аспаптың да домра-прима сияқты шектері сымнан жасалған. Қыл қобыз- қобыз. Бұрын қыл қобызды ешқашан қыл қобыз деп атамаған. Оркестрге сымқобыздарды енгізгеннен кейін қобызды қыл қобыз деп атап кетті. Бас қобыз – виолончель, контрабас қобыз – контрабас. Себебі виолончель мен контрабас осы аспаптардың түп атауы. Айтқали Жайымовтың қазақ халық аспаптар оркестрі партитурасының үлгісі, жоғарыдан төмен қарай: сымшертерлер, шертерлер, бірінше және екінші домбыралар, бас шертерлер, контрабас шертерлер. Флейта пикколо, екі флейта, екі гобой, төрт сырнай, соқпалы аспаптар. Екі сымқобыздар, альт қобыздар, қобыздар, виолончельдер және контрабастар. [5]. Осы мысалдардың барлығын біріктіретін қобыздар тобы, әр композиторда қобыздар тобы партитураның астында жазылған.

Симфониялық оркестрі партитураларында аспаптар орналасуы ғасырлар бойы дамып, қазіргі біз білетін белгілі бір жүйемен жазылатыны мәлім. Жоғарыда көрсетілген мысалдарға сүйенетін болсақ, қазақ оркестрі партитураларында белгілі бір жүйелілік, құрылым жоқ деп айтуға болады. Осындай жүйесіз, құрылымсыз партитура жазу, орындаушы-дирижерда ыңғайсыздық тудырады. Қазіргі кезде музыкалық ғылымда партитура жазу бойынша бірауыз пікірге немесе партитура жазу стандарттарын енгізу мәселесі тұр.

Мақала соңында П.И. Чайковскийдің партитура жайлы мағынасы анық, терең мәні бар сөздерімен аяқтағым келеді. «Музыкант үшін партитура – бұл түрлі ноталар мен кідірістердің жиынтығы ғана емес, ол тұтас сурет, оның арасында негізгі, екінші және жанама фигуралар анық ажыратылады»[6, 8 б.]

#### **Әдебиет:**

1. Барсова И. Очерки по истории партитурной нотации: (XVI – первая половина XVIII в.). М., 1997. – 572 б.
2. Чулаки М. Инструменты симфонического оркестра. Издание третье. М., 1972. –175 б.
3. Мұхамеджанов С. Шаттық Отаны, симфониялық поэма. – Алматы, 1969. – 84 б.
4. Темірғалиев Ж. Қазақ оркестрін аспаптандыру. – Алматы, 2010. – 104 б.
5. Айтқали Жайымовпен 26.03.2021ж. жеке сұхбатынан.
6. Рогаль-Левицкий Д. Беседы об оркестре. – М, 1961. – 263 б.

МАГИСТРЛІК ОҚУЛАРЫ-2021  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА  
АРНАЛҒАН

Ғылыми мақалалар жинағы

МАГИСТЕРСКИЕ ЧТЕНИЯ-2021  
ПОСВЯЩЕННЫЕ 30-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

Сборник научных статей